



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Кеңес

Егісті әртараптандыру – уақыт талабы

Вице-премьер Қанат Бозымбаев Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровпен бірге Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, фермерлермен алдағы вегетациялық кезеңге дайындық, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарын әртараптандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу мәселелерін талқылады. Кездесуде Сырдария өзені бассейніндегі судың аздығы туралы қалыптасып отырған ахуал айтылды.



Айта кететін жайт, егіс алаңдары жыл сайын оңтайландырылып жатқанына қарамастан орташа өнімділік өсіп келеді. Мәселен, былтыр 85 мың гектар алқаптың әр гектарынан 58 центнерден орташа өнім алынған. Ал биыл 80 мың гектар егіс алқабының әр гектарынан 58,1 центнер орташа өнім жиналды. Бұған жаңа күріш сұрыптарын енгізу және заманауи техниканы пайдалану басты себеп болған.

Сондай-ақ өңірде су үнемдеу технологияларын қолданатын егістің көлемі артып келеді. Егіс алаңдарында судың ысырап болуының алдын алу үшін лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл әдіс суды 20 пайызға дейін үнемдеп, өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Биыл 60 мың гектар күріш алқабы тегістелді.

Заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу тәуекелдерді азайтып, АӨК-нің орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Бүгінде бұл технологиялар республика бойынша 500 мың гектардан астам жерде қолданылуда. Ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 1,3 млн гектарға дейін жеткізу жоспарда бар. Бұл суармалы жерлердің шамамен 70 пайызын құрайды. Аталған мақсаттарға жету үшін Үкімет көшеді шаралар қабылдауда. Соның ішінде субсидиялау мәселелері де шешілуде.

2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттің шеңберінде инвестициялық шығындарды өтеуге бағытталған жалпы трансферттер көзделген. Ал қаржыландыру көлемі 215 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Алдағы вегетациялық маусымда жогарыдан келетін су көлемі айтарлықтай азаяуы мүмкін. Ондай жағдайда су үнемдейтін технологиялар тыңайтқыштар мен өсімдікті қорғау құралдарымен қатар өсімдікті суарушының жүйесінің міндетті элементі болуы тиіс. Қызылорда облысының өкімі Су ресурстары және ирригация министрілігі, Ауыл шаруашылығы министрілігі және ғылыми ұйымдармен бірлесіп, инновациялық препараттарды қолдану үшін кемінде 100 гектар жер телімін анықтап, оларды жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржылық қолдауды қамтамасыз етуі қажет, – деді Қанат Бозымбаев.

Кездесуде фермерлерге суды пайдалану ашықтығын қамтамасыз ету және су ресурстарын есепке алуды одан әрі цифрландыру үшін енгізіліп жатқан биллинг жүйесі туралы да айтылды. Бұл – фермерлерді сумен қамтудың толық циклін біріктіретін бірыңғай цифрлық платформа. Оның ішінде өтім беру және келісім-шарт жасасудан бастап, нақты тұтынуды есепке алу және төлем жасауға дейінгі функциялардың барлығы бар. Жүйе процесстерді оңтайландырады, суды бөлу мен есеп айырудың ашықтығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ нақты көлемдерді дәл есепке алуға мүмкіндік береді.

Вегетациялық кезең басталғанға дейін Қызылорда облысының өкімдігіне диқандар арасында тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды. «Қаз-суар» РМК-ға ылғалды көп қажет ететін дақылдарға бөкілген лимиттерге қатаң сәйкес келетін су беру шарттарын жасау, сондай-ақ құдық қорғау органдарымен бірлесіп, алдағы вегетациялық кезеңде «қара су нарығымен» күресті күшейту тапсырылды.

Су шаруашылығында ахуал өзгерген жағдайда Су ресурстары және ирригация министрілігіне 2026 жылғы вегетациялық кезеңге арналған өңірлер бойынша су тұтыну лимиттерін 2026 жылдың 1 ақпанына дейін Ауыл шаруашылығы министрілігіне жолдау жүктелді. Ал Ауыл шаруашылығы министрілігіне 2026 жылдың 1 наурызына дейін ылғалды көп қажет ететін дақылдардың егістік құрылымын нақты қолжетімді суару көлеміне сәйкес түзету тапсырылды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сұхбат

Ауыл өкімдерінің диалог-платформасында Мемлекет басшысы бірқатар маңызды мәселелерге тоқталды. Мұндай басқосу кең көлемде алғаш рет өтіп жатқанын да тілге тиек етті. Елорда төріндегі алқапты жиында Жалағаш ауданынан да бірқатар ауыл өкімі мен кент өкімі қатысқан болатын. Ауыл өкімдерінің диалог-платформасында басқа да қандай мәселелер көтерілді және оның шешімі қандай? Осы және өзге де бірқатар сауалымызға жауап алу үшін Жалағаш кентінің өкімі Мардан Жамалатовпен сұхбаттастық.

Ел сенімін ақтау – басты міндет



– Мардан Сырмағанбетұлы, өзінің кездесуден қандай ой түйдіңіз? Президент айтқан кейбір мәселелер бізде де бар ма?

– Иә, Мемлекет басшысының ауыл өкімдерімен өткізген кең көлемді диалог-платформасы ауыл деңгейіндегі мәселелерді тікелей көтеруге және нақты шешімдер қабылдауға жол ашатын өте маңызды қадам болды. Президенттің ауыл өкімдерінің қызметкерлерінің мәртебесін көтеруге, оларға тиісті жағдай жасау, мемлекеттік қызметтің беделін арттыру жөніндегі ұсыныстары біз үшін үлкен қолдау әрі мотивация болды.

Бұл жиыннан мен ауылдық өкімдердің рөлін арттыру, халықпен тығыз қарым-қатынас орнату, ашық әрі тиімді басқару жүйесін қалыптастыру қажет екенін тағы бір мәрте түйдім. Мемлекет басшысы айтқандай, ауыл – елдің өзегі. Сондықтан ауыл өкімінің жұмысы – үлкен жауапкершілік пен сенім жүгін арқалау.

Иә, Президент атап өткен кейбір түйткілдер бізде де бар. Мысалы, кейде өкіміге қойылатын талаптар мен өкілеттіктер арасындағы тепе-теңдік сақталмай қалуы, қаржылық және кадрлық мүмкіндіктердің шектеулі болып қалуы, цифрлық жүйелермен толық қамтылмауы сынды мәселелер жұмыс барысында кездеседі. Бірақ осындай диалог алаңдары арқылы бұл түйткілдерді кезең-кезеңімен шешілуі мүмкіндігі туындайды. Жалпы бұл басқосу ауыл өкімдерінің үмі естілетін, ұсынысы ескерілетін жаңа дәуірдің басы деп білемін.

– Ауыл өкімдері тікелей сайлау мажаралық басқару ісін түбегейлі жаңғыртуды маңызды қам көббді. Дегенмен бұл жергілікті халық үшін қаншалықты тиімділігін көрсетуде?

– Тікелей сайлау – ауыл тұрғындарының саяси белсенділігін арттырып, жергілікті басқару жүйесіне сенімді күшейтті. Уақыт өте келе бұл тетік толығымен қалыптасып, өз тиімділігін толық көрсетеді деп сенеміз.

Ауыл өкімдері тікелей сайлау халық пен билік арасындағы байланысты нығайтып, жергілікті басқаруды демократияландырудағы үлкен қадам болды. Бұл өзгеріс жергілікті тұрғындардың өз ауылын кім басқаратынын таңдауға тікелей ықпал ету мүмкіндігін берді.

Тікелей сайлау арқылы келген өкім халық алдында жауапты екенін сезінеді. Бұл өз кезегінде жұмыстың ашық, әділ және нәтижелі болуына ықпал етеді. Тұрғындар өз дауысының маңыздылығын түсіне бастайды. Осыдан жауапкершілік артады деп білемін.

Сонымен қатар сайланған өкімдер жергілікті халықпен жиі кездесіп, ұсыныстарды тыңдауға тырысады. Себебі келесі сайлауда да қолдау алу үшін сенім мен бедел өте маңызды. Бұрынғыдай тағайындау емес, сайлау арқылы келген өкімдер өзара тәжірибе, бастамашылдық, идеялар жарысында көрінеді. Бұл бәсекелестік ауылдың дамуына серпін беретіні сөзсіз.

– Ауылдың жағдайын, оның алдағы бетбұрысын сол аймақтан шыққан азамат қана жақсы біледі. Басқосуда сөйлеген өкімдер өздерінің функционалдық міндетіне кірмеетін қызметтерді қоса атқару жүктелгенін айтты. Әр өңірдің ауылдық мәселесі түрлі дегенмен, ауыл өкімдеріне қойылатын міндет бір секілді... Қалай ойлайсыз?

– Иә, өте орынды пікір. Ауылдың нақты жағдайын, ондағы халықтың өмір сүру салты мен басты қажеттіліктерін сол ауылда туып-өскен, жергілікті ахуалды терең түсінетін азамат қана дұрыс бағалай алады. Ауыл өкімін сайлау барысында да халық осы факторға көп мән береді.

Басқосуда көтерілген мәселе де маңызды, функционалдық міндеттерден тыс жұмыстарға тартылу ауыл өкімдерінің жұмысын қиындатып, негізгі қызметке толыққанды назар аударуына кедергі келтіріп жатады. Бұл – барлық деңгейдегі жергілікті өкімдерге тән ортақ мәселе.

Ауыл өкімдеріне қойылатын талаптар мен берілетін мүмкіндіктер арасында нақты тепе-теңдік орнауы керек. Сонымен бірге әр ауылдың әлеуеті мен мәселесі жеке қарастырылып, соған сай икемделген басқару жүйесі қалыптасуы қажет деп ойлаймын. Сонда ғана өкімдер нақты нәтижеге жұмыс істеп, халықтың сенімін ақтайды.

– Қазір ауыл өкімдері бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы тұрғындардың мәселелерін қиындықсыз сараптап алады. Дегенмен Мемлекет басшысы кейбір өкімдердің бұл мәселеге атүсті қарайтынын сына алады. Сіз кент тұрғындарының мәселесін жақсы білесіз бе? Олармен қаншалықты жиі кездесесіз?

– Иә, Мемлекет басшысы атап өткендей, бүгінгі таңда ауыл өкімдерінің тұрғындармен кері байланыс орнатуы үшін барлық мүмкіндік жасалған. Цифрлық жүйелер арқылы өтініштерді сараптау, халықтың талап-тілегін жинақтап, нақты шешімдер қабылдауға толық жағдай бар. Бірақ бұл мүмкіндікті тиімді пайдалану – әр өкімнің өз жауапкершілігі.

Жеке өзіме келсем, ауыл тұрғындарының мәселелерін жақсы білу – менің тікелей міндетім. Осы мақсатта апта сайы алдында келген тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, шешу жолында жұмыс жасаймын. Тоқсан сайын кент тұрғындарымен кездесіп, атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріп келеміз. Әлеуметтік желі арқылы да ашық диалог жүргізіп, көтерілген мәселеге жедел жауап беруге тырысамыз.

Мен өзіме басқару өкілеттігі берілген аумақтың проблемалық мәселелерін толық білім деп айтсам, қателеспеймін. Себебі өзім туып-өскен жерімнің әр көшесін, әрбір ағашын, ондағы тұрғындарды жақсы білемін.

Халықтың мәселесіне атүсті қарауға болмайды. Себебі ауыл өкімдігі – биліктің халыққа ең жақын буыны. Сол сенімге сай жұмыс істеу – басты қағидатым.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ауыл тынысы

Тұрғындардың талап-тілегін тыңдады

Сәрсенбіде аудан өкімі Ардақ Ибраимовтың халықпен есепті кездесуі басталды. Ауылдағы ағайынның ахуалын білу үшін біз де таңсәріден тұрғындармен кездесуге беталдық. Жұмыс сапарымен ең әуелі Жаңадария ауылының жұртымен жүздескен аудан басшысы тұрғындардың талап-тілегіне құлап түріп, елдің мәселесі ескеруісіз қалмайтынын жеткізді. Кездесуде ауылдағы ағайын жеке қара бастары үшін емес, ел игілігі үшін елді мекендегі бірқатар түйткілді мәселені көтеріп, аудан басшысының назарына салды.



Бақша баптап, бөреке тапқан

Халықпен кездесуде аудан өкімі Мемлекет басшысының Үкіметтің облыс өкімінің қолдауымен, аудан көлемінде атқарылып жатқан негізгі жұмыстарға тоқталып, 2026 жылға жоспарланған жобалар жөнінде баяндады. Сонымен қатар ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін тыңдап, алдағы жоспарларды бірге талқылады.

Жаңадария – кент орталығынан шалғай орналасқанымен шаруасы шираған ауыл. Мұндағы тұрғындардың негізгі тіршілік көзі – егін мен мал шаруашылығы. Қазір елдің өрісі кеңейіп, жұмысы жанданған. Көрші ауылдардағыдай күріш алқабы болмаса да, мұндағы еңбеккер халық бақша өнімдерін баптауда көпке үлгі болып келеді. Биыл ауылдағы шаруа адамдары Бестам, Қызыл ту, Егінбайдың табаны, Тансықбайдың тақыры бағытындағы алқапқа 200 гектарға жуық бақша дақылдарын егіпті. Атап айтсақ, қауың қарбыз, картоп, асқабақ, қант қызылшасы, сәбіз егіп, Жер анадан терген нәсібін аудан, облыс орталығында өткен жәрмеңкеде сатылымға шығарған.

Еңбекке епті елді мекен жұрты жыл сайын бақша өнімдерін баптауда тола-йым табысқа жетуде. Еңбек күні қарсаңында Қызылорда қаласында өткен «Адал еңбек – адал азамат» атты салтанатты шарада облыс өкімі Нұрлыбек Нөлібаев «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауының жеңімпаздарын марапаттаған болатын. Байқауда облыс өкімі Жаңадария ауылына 15 млн теңгенің сертификатын табыстады. Бұл ауылды абаттандыруға, көгалдандыруға және көркейту жұмыстарына бағытталуда.

Кешегі кездесуде ауылдағы ағайын ішкі көшелердің сапасы сын көтермейтінін жеткізді. Бұл мәселені назарынан тыс қалдырмаған Ардақ Ибраимов был Жаңадария елді мекенінің Қ.Сәтбаев, Жаңадария, Достық және Мектеп көшелеріне облыстық бюджеттен 105,4 млн теңге бөлініп, өтпелі кезең аясында күрделі жөндеу жұмыстары басталғанын айтты. Бүгінде Мектеп және Достық көшелеріне асфальт төсеу, жол жиегін абаттандыру жұмыстары аяқталған. Қалған екі көше, яғни Қ.Сәтбаев пен Жаңадария көшесі бойынша қаржыландыру мүмкіндіктері қаралуда. Сондай-ақ Абай көшесінің бойындағы электр бағаналарына 529 мың теңгеге түнгі жарық шамдары орнатылған. Мұнан бөлек биыл ауылдағы алтын ұяға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жалпы құны 7,2 млн теңгеге 32 бейнебақылау камерасы орнатылған.

– Жаңадариялықтар – еңбеккерлігімен көпке үлгі халық. Елдің бақша салуына аяқсу тапшылығы кедергі келтірсе де, ауыл еңбеккерлері нәтижелі еңбек етіп, бақша өнімдерін баптап, аудан орталығында өнімдерін нарыққа шығарып жүр. Рас, ауылда тұралаған мәселелер де жоқ емес, соның бірі – сіздер көтеріп отырған ішкі көшелер мәселесі. Бұл мәселе менің басты назарымда. Мен үшін барлық ауыл бірдей. Десе де барлығын бір мезетте шешу мүмкін емес. Ауылдағы ағайынның мәселесі ескеруісіз қалмайды. Барлығы кезең-кезеңімен шешімін табады, – деді аудан басшысы.

Айта кетейік, ауылдағы алтын ұя жаңа оқу жылын 91 оқушымен бастаған. Оның 6-ауы алғаш мектеп табалдырығын аттаса, 6-ауы келер жылы мектеп бітіреді. Ал былтырғы оқу жылында 4 оқушы мектепті тәмамдап, ұлттық бірыңғай тестілеуге түгел қатысқан. Нәтижесінде 2 оқушы білім грантын жеңіп алса, 2-әуі ақылы негізде жоғары оқу орнына құжат тапсырған. Сондай-ақ «Алтын белгі» иегері атанған Ұлпан Амандық ұлттық бірыңғай тестілеуде 130 балл жинап, аядай ғана ауылдың емес, аудан абыройын асқақтатты.

Аталған білім ошағында биыл ғылыми жоба, олимпиадаларда жүлдегер атанғандардың үлесті артақан, яғни ауылдағы алтын ұяның білімді жастары бірнеше рет жеңіс туғырынан көрініп, ұстаздарының еңбегін еселей түскен.

Шалғайдағы елді мекенде кәсіпкерлік саласына ден қойғандар жоқ емес. Бұл өрісте, ауылда жұмыссыздық мәселесіне тұсау болып отыр. Бүгінде мұнда 23 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның басым бөлігі мал шаруашылығының өңісінде. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында елді мекенді көркейтудің мақсатына сәйкес, ауылдағы жұмыстары жүргізіліп, ауылға кіреберіс көшелерге бейнебақылау камерасы орнатылған.

Кездесуде жаңадариялықтар ауылда интернет желісі жылдамдығы төмендігін тілге тиек етті. Жергілікті халықтың сөзіне сенсек, әр тұрғын үйіне Wi-Fi желісін орнатып, айына 5500 теңге төлеп отыр. Десе де интернет желісінің жылдамдығы көптің көңілінен шықпайды. Себебі олар интернет желісінің баяулығынан оқудағы балаларымен хабарласа алмайтынын, ал мектеп жасындағы балалардың қосымша сабаққа дайындала алмай отыр-

ғанын айтты. Бұл ретте аудан өкімі тиісті сала басшыларына тапсырма беріп, шешімін табуға жұмыс жасау қажеттігін қарперге салды.

Шалғай ауылдың шаруасы ширақ

Ақсақалдардың батасын алған аудан өкімі мұнан кейін Аламесекке табан тіреді. Жауапты сала басшыларымен бірге ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажын тыңдаған Ардақ Әбдіғаппарұлы Аламесек ауылдық округінде соңғы 2 жылда ауылдың жобалар жүзеге асқанын айтты. Әсіресе жергілікті билік елді мекендегі тұралаған өзекті мәселелерді шешуде нәтижелі жұмыс жасады. Кешегі кездесуде ауылдың ілгері дамуына қолдау көрсеткен аудан басшысына ауылдағы ағайын алғысын жаздырды.

Аламесектің бұған дейін ауылдағы ішкі көшелердің сапасы сын көтерімдітінің жиі айтылған. Елдің талап-тілегіне арқау болған ішкі көшелер сапасын жақсарту мақсатында осыған дейін 5 көше, яғни Т.Бисенбаев, Бөлекбай би, Өмірбай шешен, Жаңажарма, Сарман батыр көшелері күрделі жөндеуден өтті. Жобаның жалпы құны – 545,8 млн теңге. Сонымен қатар тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту мақсатында электр желілерінің құрылысы жалпы құны 357 млн теңгеге жүргізіліп, бүгінде жарқын жобаның ел игілігін көріп отыр. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, қоқыс полигоны қоршалған.

Жалағасы 4-бетте

2 ҚҰҚЫҚ

Түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Сәрсенбіде «Руханият» орталығында Жалағаш ауданының прокуроры Талғат Елеубайұлының қатысуымен «Заң мен тәртіп» бағытын алға жылжытуға арналған кең көлемді профилактикалық жиын өтті. Басқосуға аудан әкімінің орынбасары Әнуарбек Шәкіратұлы мен бірқатар салалық мекеме мамандары, полиция, денсаулық сақтау, білім, төтенше жағдай және мемлекеттік кірістер бөлімдерінің өкілдері де қатысып, халықпен ашық әңгіме өрбтті.



алынған. Оның 54-і – алаяқтық, ал 37-сі – интернет алаяқтары құрған қақпанның салдары.

Бұл тек Жалағаш ауданына тән құбылыс емес. Бүгінгі таңда ел көлемінде тіркелетін қылмыстардың 65 пайызы интернет алаяқтықтың үлесінде. Желіге жем болғандардың саны артып келеді. Желіге жем болғандардың саны артып келеді. Желіге жем болғандардың саны артып келеді. Желіге жем болғандардың саны артып келеді.

Бұл – жай ғана сан емес, сан соғып қалған жүздеген адамның тағдыры, өз еңбегімен тапқан ақшасынан айырылған отбасылардың жанайқайы. Алаяқтықтың құрбаны болып, жинаған қаражатын түгел салып жіберген, тіпті бір қарызды бір қарызбен жамал жүрген тұрғындар да аз емес. Сондықтан сала мамандары тұрғындарды сақ болуға үндеп, белгісіз сайттарға кіруден, өзін банк қызметкері немесе байланыс орталығының өкілі ретінде таныстырған адамдарға сенуден аулақ болуға шақырды. Ең бастысы, ешкімге карта номері мен құпия кодтарды айтуға қажеттіні тағы да қадап айтты.

Ауданда тіркелген 37 істің 19-ы сотқа жолданып, Астана мен Павлодар қалаларында отырып, алыс жердегі тұрғындарды алдап келген адамдар ұсталған. Десе де әр адам өзіне, өз қаражатына, өз ақпараттық қауіпсіздігіне ең алдымен өзі жауапты екенін ұмытпауы тиіс. Өйткені цифрлы дәуірдің қылмысы да, қауіп де бұрынғыдан жылдам, әрі шалт.

Цифр дәуірі ел өміріне талай жаңалық пен мүмкіндікті әкелгенімен, сонымен бірге бұрын болмаған жаңа қауіптің өсіп айналып келеді. Ауылдардағы ақша айналымын қамтамасыз ету үшін, телефонның ар жағында, бір батырманың басында отыратынын біреу білсе, біреу білмейді. Осылайша интернет кеңістігіне құрылған қақпанға түсетіндер саны Қазақстанда жылдан-жылға көбейіп келеді. Мамандардың айтуынша, қылмыскерлердің басым бөлігі еліміздің өзінде емес, тіпті басқа мемлекеттерде отыруы мүмкін. Сондықтан оларды анықтау да, тұтқындау да оңай шаруа емес.

«Мұны тоқтатуға болмай ма?» деген залдағылардан шыққан сауал соңы ұзақ әңгіменен жалғасты. Тұрғындардың жанайқайы да, алаңдауы да орынды еді. Сөйтсек, көп жағдайда алаяқтардың қақпанына түскен жандар тек қарыз қысып, шығатын жол таппай қалған кезде ғана полицияға жүгінетін көрінеді. Төреге амалдары басталған соң, мамандар бұрышкердің жағдайын жеңілдету үшін уақытша қарыз төлеуді тоқтатуға мүмкіндік беретін құжаттар рәсімдеп береді. Бірақ бұл – мәселенің тек салдарына жасалған шара.

Жалағашта «жұмысқа орналастырып береміз, тез ақша тауып беретін жол бар»

деген желеумен қаржы жинап, жұртты алдап кеткендер де аз емес екен. Қолға оңай түскен табысқа сенгендер алданып, барынан айырылып жатқан жағдайлар ауданда жай құбылысқа айналғандай. Аталған жағдайлар – оқиғалар тізбегі мен жай сандар ғана емес, сөнімнің суға кеткен сәті, алданып қалған адамның үнісіз өкініші. Сол себепті мамандар сақтық ең үлкен қорғау, әл ер азамат өз құқығы мен қалтасына өзі күзет болуы керектігін қаперге салды.

Аудан көлемінде жыл сайын жылы беру маусымы басталар шақта бөлім қызметкерлері адам өмірі мен денсаулығын, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға бағытталған көшенді іс-шараларды жүйелі өткізеді. Дегенмен соған қарамастан бұл бір айдың ішінде ауданда 24 өрт оқиғасы тіркеліп отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда алты пайызға жоғары. Жұма, сенбіде мамандар ауылдарды аралап, түсіндіру жұмыстарын тоқтатқан емес. Бірақ жеке тұрғын үйлерде қоқыс орту, отты абайсыз пайдалану секілді жағдайлар өлі де орын алуда.

«Жеке тұрғын үй десек те, заң бәріне ортақ» деді сөз кезегін алған төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы. Қауіпсіздік талаптарын елемей тек өз басына емес, тұтас халыққа қауіп төндіретін ескерткен ол өкілшілік шаралардың да бар екенін атап өтті. Мәселен, Әкімшілік кодекстің 336-бабы бойынша үй ауласында қоқысты өртегені үшін жеке тұлғаларға 157 280 теңге айыппұл салынған. Ал өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін 21 жеке тұлғаға, сондай-ақ 2 заңды тұлғаға өкілшілік шара қолданылды.

Өрттің алдын алу үшін табалдырығынан басталатынын түсінетін кез әлдеқашан келген. Төтенше жағдайлар мамандарының айтуынша, қауіптің алдын алу – тек құтқарушылардың ғана емес, әр тұрғынның ортақ жауапкершілігі. Жиында аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы жақиңда Жетісай ауданында болған оқиғаны тілге тиек етті. Бір ғана қателік ел өсіп шығарғанын еске салды. Осы қайғылы оқиға қауіпсіздік шараларын қайта қарап, талапты күшейту қажеттігін көрсететін ашық сабақ екенін айтты. «Заң талаптарын сәйкес әрбір үй мен нысанға жоспарлы түрде тексеріс жүргізудің маңызы зор» деген ол әсіресе газ құрылыстарын орнату мен пайдалану мәдениетінің төмендігі үлкен қауіп төндіріп отырғанын жасырмады. Осыған дейін газдан улану фактілері де тіркелген.

Жиында аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының өкілі 2026 жылы енгізілетін салық реформалары туралы кеңінен түсіндіріп өтті. Оның айтуынша, келер жылдан бастап еліміздегі салық жүйесі едәуір ықшамдалып, бұрынғы жеті түрлі режимнің орнына үш негізгі салық режимі ғана қалады. Бұл – кәсіпкерлерге де, өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген азаматтарға да есеп-қисапты жеңілдетуді көздейтін маңызды өзгеріс. Ең қуанышты жаңалық, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар енді же-

ке табыс салығын төлеуден босатылады. Оның орнына олар тек 4 пайыздық өлеуметтік төлемді ғана аударып отырады, яғни бұрынғыдай күрделі есеп тапсыру, өртүрлі төлемдерге шатасу жүктемесі азаяды. Сондай-ақ жеңілдетілген декларация режимі де күшінде қалады. Ал ауылдағы ағайынға қатысты айтар болсақ, шаруа қоныстарға арналған салық режимі де сақталды, бірақ бір өзгеріс бар, бірінші жер салығы жойылғандықтан енді жалпы табыстың 0,5 пайыз көлемінде жеке табыс салығы мемлекеттік бюджетке төленеді. Жаңа Салық кодексінің негізгі мақсаты – салықтық өкімшiлiндiрудi жеңiлдeтy, кәсiпкерлерге түсетiн артық жүктемелi азайту. Жоспар бойынша салыққа қатысты есеп-қисаптың көлемі 30 пайызға қысқарады, ал жалпы салықтық жүктеме 20 пайызға төмендейді. Мұның барлығы – бизнестің тынысын кеңейтуге, көлеңкелі экономиканы азайтуға бағытталған қадам.

2026 жылдан бастап салық берешегіне қолданылатын шаралар да өзгермек. Енді ол қарыздың мөлшеріне қарай жеке тәртіппен белгіленетін болады. Ең бастысы, өзгерістердің әрқайсысы қарапайым халыққа түсінікті әрі қолжетімді болуға бағытталып отыр.

Дәліз бойында аяқ дыбысы жаңғырып, келесі есікке қарай жол тарттық. Бұл – бір күннің жұмысы емес, елдің ерте үшін атқарылып жатқан ұдайы өрекеттің шарты ғана көрінісі. Біз кіргенде әңгіменің қызуы басталып та кеткен. Қабылдауда аудан тұрғынын аландатқан бірінші мәселе – ауруханадан шығатын қалдық суларды реттеу. Бұл тұрғындар үшін де, табиғат үшін де ең өзекті мәселе болып тұр. Екінші мәселе – Мерей Шаменов көшесі бойындағы ретсіз қойылған көліктер. Немерелерінің қауіпсіздігін ойлаған ақсақалдың өтініші де бейжай қалмады. Талқылаудан соң мамандар жағдайды ескі-жаңы саралап, мектепке кіретін жолды А.Ізтлеуова көшесі жаққа ауыстырудың қауіпсіздігі үшін тиімді іс-шараны ұсынды.

2020 жылы өндіріс үшін қайтарымсыз грант алған Өтеген Әбиев өз мұқтаждығымен қабылдауға келіпті. Аукцион арқылы 30 соттық жер алып, кәсібін денгелентемін деп екі жыл бойы тыр-батып, жұмысын бастап қойған. Алайда өндіріс аудандық прокуратураның тексеруі нәтижесінде грантты мемлекетке қайтару туралы шешім шығыпты. Сөзінше, бір жағынан грант, екінші жағынан арестке қойылған жер, екеуінің ортасында қысылып, қайда барарын білмей дал болған. Бүгінгі қабылдауда да сол көңіл ауаны анық сезілді. «Жерді жеке-шөлдендірем, бәлім-жіл ашылар» деген үмітпен келіпті.

Мамандар мәселені қарап, сатып алушы табылған жағдайда жерді уақытша аресттен шығару тетіктері қарастырылатынын, бірақ нақты шешім елі псықталатынын айтты. Өмбе шаруаны соңғы нүктесі жақын емес, бірақ жолдың бар екені көңілге демеу. Әңгіме бойы екі қолын үстелге жапсыра қойған ағай жайлап алақанарынан жанастыра келесі мәселесін айтуға көшті. Таңғы таза ауада серуендегенді әдетке айналдырған ол көзде қанғыбас иттердің кейбіреуіне аландайтын жасырмады. Алайда мамандар қазіргі заңнамаға сәйкес, иттерге у беруге тығым салынғанын түсіндірді. Соңғы өзгерістер бойынша тек аулау жұмыстарына ғана рұқсат бар екені айтылды. Бұл – тек біздің ауданға ғана тән түйткүл емес, республика көлемінде толық жолға қойылмаған ортақ мәселе. Ағайдың алаңдауы орынды, ал мәселенің шешімі маңызды пен жүйелі жұмысты қажет ететіні анық.

Заң мен тәртіп – қағазға жазылған талап қана емес, қоғам тынысын түзеуші тетік, әр шаңдырақтың қауіпсіздігін сақтар қалқан. Бүгінгі қабылдауда көтерілген мәселелер де – соның айғағы. Қоғам тынышлығы да, елдің ертеңі де тәртіпке ұмтылған санадан басталады. Занды құрметтеген жерде ғана әділет орнайды, тәртіп сақталған жерде ғана тіршілік тыныш болады. Келген халық өз сауалын қойып, әрқайсысы көкейіндегі күдігін тарқатқандай болды. Түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ұсыныстар да рет-ретімен айтылды. Қабылдау аудан прокуроры, полиция бөлімі бастығы және аудан әкімінің орынбасарының қатысуымен нағыз сурақ-жауап алаңына аударысты. Мұнан кейін «Заң мен Тәртіп» қағидатының ауданда жүзеге асырылуы барысы жайлы сұхбат берілді.

Гүлжан ЕСЖАН

Сұхбат

Жедел іздестіру қызметінің анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауда, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз қуыреті шегінде жүзеге асыруда прокуратура қызметкерлерінің рөлі ерекше маңызға ие. Олар өзінің іс жүргізушілік өкілеттігін жүзеге асыруы кезінде тәуелсіз болады және заңға ғана бағынады. Жалағаш ауданында да аудандық прокуратураның қатысуымен нәтижелі жұмыстар атқарылууда. Мұның бәрі Жалағашта қылмыстар санының азаюына, тіпті алдың алуға оң әсерін тигізуде. Осы ретте атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы мақсат-міндеттері тәңірегінде Жалағаш ауданының прокуроры Талғат Бектұрсыновпен сұхбаттастық...

Заң мен тәртіп – әділеттілік негізі



– Талғат Елеубайұлы, алдымен өзіңіз басшылық ететін ұжымды бүгінгі төл мерекелеріңізбен құттықтаймын. Ауданда қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын, жалпы заңдылықты қамтамасыз етуде қандай жұмыстар атқарылды?

Рақмет! Есепті мерзімде қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы қамтамасыз етілді. Наразылық акциялары орын алған жоқ. Быыл 4 тексеру, 39 талдау жүргізілді. Нәтижесінде 24 наразылық, 26 ұсыну енгізілді, 2 ұсыну өлі де қаралуда. Анықталған 157 заңды бұзушылық жойылды. 10 актінің күші жойылып, 16 актіге өзгертулер енгізілді.

Сонымен қатар 1918 тұлғаның, оның ішінде 470 кәсіпкердің құқығы қорғалып, 1 инвестордың мәселесі шешімін тапты. Занды бұзушылықтарға жол берген 71 қызметкер, оның ішінде 3 басшы тәртіптік, 6 қызметкер, оның ішінде 1 басшы өкілшілік жауапкершілікке тартылды.

– Өздеріңіздің қадағалауларыңызбен қанша айыппұл өндірілді? Бюджет қаражатының негізсіз жұмсалынуына жол бермеу мақсатында қандай шаралар атқарылды?

Прокурорлық қадағалау актілерімен 132,4 млн теңге, оның ішінде 20,5 млн теңге мемлекеттік бюджетке қайтарылды. Сондай-ақ 17,4 млн теңге өкілшілік айыппұл өндірілді. Ал 28,7 млн теңгені құрайтын жер учаскелері мемлекетке қайтарылды. 84 млн теңгені құрайтын бюджет қаражатына қатысты негізсіз жұмсалудың алдын алдық.

– Жаңа кәсіпкерлердің құқығын қорғауда біршама жұмыстың атқарылғанын айтып өттіңіз. Жалпы оларға негізсіз тексеруді болдырмау мақсатында қандай шаралар қабылданды?

Қызылорда облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысымен бекітілген шешімнің қызметі 3 жылға тоғыз есе артты. Қылмыстық істер бойынша 15 адамға бұлтартпау шарасы қолданылды. Оның 3-еуі қолхат, 1-еуі жеке кепілгердік, 9-ына ұйымақ 2-еуі күзетпен ұстауға жатады. Жалпы преспективтік жағдай 13 пайызды құрады. Ұйымақ қолданылған 9 адамға сотпен браслет тағу міндеттелді. Салалық нұсқаулыққа сәйкес жеке көрсеткіштері сақталып отыр.

– Есіртік қылмыстарының алдын алуда қандай шаралар жүзеге асуда?

Бізбен есіртік қылмыстарының жарнамауына қатысты 386 есеп-шот анықталды. Оның ішінде 59 есеп-шот бойынша 7,6 млн теңге анықталып бұғатталды. Бұл қаражатқа қатысты апу жүргізу туралы қаулы сотпен санкцияланды. **– Ауданда өсім алаған қылмыстар бар ма және олардың санын азайту мақсатында қандай жұмыстар атқарылуда?**

Қадағалау аумағында өсім алып отырған қылмыстардың алдын алып, санын азайтуға бағытталған бірқатар іс-шара жүзеге асуда. Алаяқтық пен көлеметке толмағандар арасындағы қылмыстарды болдырмау мақсатында Жалағаш көлі мен 14 ауылдық округ әкімдерімен, полиция органдарымен бірлесіп, тұрғандармен және мектеп оқушыларымен кездесулер өткізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізуді ай сайын үрдіске айналдырдық.

Қазіргі уақытта аудандық коммуналдық қызмет көрсететін мекемелермен келісіп, төлемдерді төлеу туралы ай сайынғы тарауылатын жазбаша хабарламалардың артық бетіне алаяқтықтан сақтану тәсілдері жөнінде ақпарат таратылуда. Аудандағы колледж-мектептер оқушыларының қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында біздің ұсынысымен жаңа 2025-2026 оқу жылынан бастап барлық оқу орнында аптасына бір рет аудандық полиция қызметкерлерімен жол қауіпсіздігі ережелері түсіндірілуде.

– Бүгінде облыс прокурорының бастамасымен және аймақ басшысы мен полиция департаменті бастылығынің бірілесуімен «Қылмыссыз өңір – кемел келешек кепілі» атты арнайы жоба жүзеге асуда. Аталған жоба аясында ауданда қандай шаралар қолға алынды және оның нәтижесі бар ма?

Біздің тарапымыздан қолға алынған көз келген шара аудандағы қылмыстар санын азайтуға және оның алдын алуға бағытталған. Өзіңіз айтып отырған жобаның да түпкі мақсаты осы. Аталған жоба аясында аудандағы екі ауыл тұрғындары алкоголь енімдерін сатуға қарсылығын білдіріп, арақ сататын кәсіпкерлерді лицензиясын қайтаруға мәжбүрледі. Қазіргі таңда Еңбек пен Таң ауылдық округтерінде мұндай өнімдер сатылмайды.

– Бұл жақсы бастама екен, жалпы бұдан үлгі алып жатқан басқа да елді мекендер бар ма?

Әрине бар, тағы да 3 ауылдық округ тұрғындары арасында өкілдікпен сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде жергілікті халықтың 95 пайыздан астамы алкоголь енімдерін сатуға қарсылығын білдірді. Жұырда Аламесек, Жаңаталап, Мырзабай ахун ауылдарының да «алкогольсіз ауыл» деп жариялануына жол жеткізілді.

– Жалпы ауданда «Заң мен Тәртіп» қауіпсіздік жүзеге асыруда басқа да қандай шаралар қолға алынууда?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында қоғамда заң мен тәртіп үстемдік құруы керектігін ерекше атап өтті. Президентіміз айтқандай, бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Осы талапты жүзеге асыру арқылы өділетті, таза және қауіпсіз Қазақстанды құруға жол ашамыз. Осы стратегиялық ортақ мақсатқа жету үшін еліміздің бейбіт өмір сүруіне және тұрақты дамуына қолайлы сыртқы жағдай қалыптастыруымыз қажет. Жалпы заң мен тәртіп қоғамның тұрақтылығы мен дамуының бір сөзбен айтқанда, өділеттілік негізі. Сондықтан алдағы уақытта да қоғамда заң мен тәртіптің үстемдік етуін қамтамасыз етіп, ауданда қылмысты болдырмауға, олардың өсім алуына жол бермеу жұмыс жасаймыз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



ТАНЫМ

КӨКПАР



«Қазақтың қандай екенін білгіңіз келсе, ат үстіндегі көзін байқаңыз. Ғасырлап жеріне көз алартып, алаңсыз жатқан бейбіт елн тұтқиылдан сан рет шапқанда, батысынаң, шығысынаң, солтүстік-оңтүстігінен ат үстінде жымылып келіп, жауын жер қылып жеңген. «Нағыз қазақ – домбыра» деген афоризм иесі, сөз сардары, қазақ өлеңінің Қадырына өліктей айтсақ, «нағыз қазақ – ат мінген қазақ». Бұл – Шеймерден қарттың тұжырымы. Орта мектепті бітіріп, қалаға кетіп, бар ғұмырын сәнді сарайлар салуға арнаған архитектордың өткен өмірінде орындамаған бір арманы, енді қайтағандағы бір өкініші, көкпаршы, шабандоз бола алмағаны еді. Онысын қозғай түсетін балалық, бозбалалық шағынан жеткен көкпарға байланысты елестер соңғы кезде жиі есіне түсетін болып жүр. Ондайда нәмерелеріне «көкпар шапқан кезім болған» деп күпіндегірпей қойып, көзі жасаурай өткенді көз алдынан жүгірте өңгімелегенді ұнатады.

«Үштөбе» мен «Мәслихат» жотасының аралығында ойпаңдау жазыққа алты жүзден астам атты көкпарға жылыған Алты жүздің ішінде көп болса оншақтысы – өңірге белгілі шабандоз. Қалғанын да тарата айтсақ, екі жүздейі – шабандоз іле жөңгелен көкпардың шамасы жетсе де, жетпесе де жабыла, жабыса тартыса жөнелетін «көкпаршы». Тағы бір жүзі – көкпар десе, ішкен асын жерге қоятын, желкілден өсіп келе жатқан жас бұзы. Екі жүздейі дода келген атын қамшылай алға ұмтылғанымен шеттеп қала беретін, бір мықты доданы жара көкпарды алып шығып, өзін қоршаған топты ығыстыра мөреге бет алған шағында қиуылай жанамалай шабудан еніп жалқыпайтын. Төрешіні теңіректен тағы бір жүзі – көкпар қызықтауға келген қария, даулы жағдайда төрелің, шатақтасуға бет алғанда басу айтатын аузы дуалы ақсақалдар.

Бұл – соғыс салған қағым-қасіреттің ізі өлі еше қоймаған, өткен ғасырдың елуінші жылдарының ортасы ауған тұс. Соңғы жүздіктің арасынан қолына не аяғына протез қойылғандары да көрінеді. Екі аяғы тәзден жоғары көсілген, Шеймерденнің өкісіне іні болып келетін Құдірет атаны ұлы Рүстем ұшақтық мотоциклмен көкпарды қызықтауға алып келді.

Қызы мен эмоциясы мол апапарт тартыста, жақын маңда жазуларға әсіресе балаларға жүру қауіпті. Таптап көзі оден мүмкін Соңы ескерген ұйымдастырушылар, екі мөреңгі орта шешіні жарты шақырымдай қашықтау бөлікке, төрт-бес жүк көлігін қатарласына қойып, «көрініс алаңын» жасалтып. Көкпарға он екі жастағы Шеймерденді мінгестіре келген аяғы Қалмахан, өлгіне де оны машина үстіне шығарып көткен Мотоциклде қалуға да болмайды. Төрешілердің көмекшілері қадағалайды. Құдірет атаны да баласы мотоцикл люксінен көтеріп алып келіп, машина үстінде орындауға жағастырып, Шеймерденге: – Атаңа қарап тұр. Қажет болса шақырарсың, – деп қайтадан түсіп кетті.

Машина үстінде – атқа мінуге қауқарсыз, қалт-құлт етіп қалжыраған сегіз шал мен Шеймерден қарайлас оншақты бала. Атаңы Шеймерденді қасына шақырып: – Кеше Қалмахан үйде болғанында сені де көкпарға ала келем деп еді. Соны естіген біздің үйдегі апан беріп жіберді, – деп қалғанын орнамалға түйінген бір ұсы көмпитті шығарып, Шеймерденге ұстатты.

Құдірет ата өлі елуге толмаған Соғысқа кавалерист болып қатысыпты. Жау бекінісіне атты әскер құрамында шабуылдан келе жатқанында атының аяғының астынан миға жарылған Содан аяқтары быт-шыты болып опырылып тұрған. Дер көзінде көмек болып, әскери дәрігерлер екі аяғын тізеден қорық жоғары тұсынан ампутация жасап, өмірін сақтап қалыпты.

Атасының жаңында отырған жұқаптан сары шал бұларға назар аударып: – Құдірет, бұл қай бала? – деді. – Қалмаханның інісі Шеймерден Сүлтөке. – Ә-ә-ә... Болашақ шабандоз десейші. Балақай бері көпші! – деп Шеймерденді өзін қарай шақырды.

Жақында барған оған оң қолын ұсынып: – Қане, жақсылап қыс, – деді. Қолы қысылған қария риза кейіпте: – Дұрыс, – деді де, қол-басына зер салып, одан бірде бұлшықтөтерін саусақтарымен кім сыртынан түрткілей өтті. Әрі қарай шынтақтан жоғарылап, тоқпан жілікті алды-артынан жауып тұрған қардың екібасты және үшбасты бұлшықтөтерін басып тұрып: – Қолыңды шынтақ тусынан бүкші, – деді.

Бүкті. Екі басты бұлшықтөт тастай болып бүлтініп шыға келгенде, Шеймерденнің арқасынан қағып: – Жасың нешеде? – деді. – Он екіде.

– Тіфай... Тіфай. Тіп-бізге тасқа... Құдірет, мен бірнәрсе білсем, енді бір жеті жылдан кейін атақты Шеймерден шабандоздың салым салғанының шет жағасын мен де көріп қалатын шығармын. Ол кезде тұрған бірге келеді екенмін. Кім білсін, Құдай рақым етсе... – деп балаға көңілі толғанын білдірді.

Күздің суық желінен көздері жасаураса да, алысты жақсы көретін шалдар көкпарға келген шабандоздарды түгендеп, кімдердің сайгүлдіктері бабында екенін өңгімелеп, қауқылдасып жатты.

– Құралбай қаракерін бұл көкпарға қатыстырмайды деп еді. Өне келе жатыр ғой, – деді көзін оң қолының саусақтарымен көлеңгейлей қараған шегір көз, селдір сақал қарғай.

– Қай жақта?.. – деді Сұлтан қария елгендеп.

– Анау топ аттылының сол жағында келе жатқан қос аттылының бірі Құралбай да, жаңындағы қаракеріге мінгені – шабандоз Бақыт емес пе?!

– Иә, дұрыс айттың, солар, – деп дүрбілі шал қостанды.

Одан өрі шалдар біраз дауласа отырып, Күденнің күренің Еркебектің бұрыл жүрігің, Тұрдықұлдың торысың, Шабанданың шұбарын түгендеп, тағы бірсыпыра артымақ мінген шабандоздың бүгінгі көкпардағы салым салу мүмкіндіктерін талдап, арадігі ерегіске өтіп, «болғанынаң болдысың қызықтың» алдында көңілдене желініген сыңайлары бар. Бү кезде көкпардың басталып кеткенін даурыққан шалдар байқамай қалды. Тек дүрбілі шал: – Қараңдар! Дода! – деп дүрбісіне үңіле, жіңішке үнмен ескерткенде ғана шалдар да, балалар да мойындарын оза тым-тырыс құйды көкпарлы жаққа қарай қалысты.

Абыр-сабырлы жағдайда жүздеген аттылы үйірле қалып, оқта-текте ащы дауыстар шығара ортада жатқан көкпарға төбіне ұмтылып, «беріспейтін» сыңайға көшкен кез. Бүгінгі күнге шауып өтіп айтсақ, бұл дода төрешінің телеэкраннан қызықтап жүрген төрешінің қатаң бақылауындағы, ереже бағынған белгіленген сызықтың ішіндегі санаулы шабандоздың додасына мүлдем ұқсамайды.

Еркіндік деп осыны айт. Қарақұмыр көкпаршылар қатысқан додала ережені өлеу қыныға соғып, төреші де шеткерілік қала береді. Ессіз батылдық дейсіз бе, көзсіз батырлық дейсіз бе, өтіпкі, ерлік дейсіз бе, бәрі-бәрі осы доданың ішінен табылады. Ат қулағында ойнауды да, ат сауырында тартысуды да осы додалар көресіз. Қауіп-қатерден жасқану деген атымын жоқ. Көкпарға іле болып, доданы жарып шығу үшін өзін ұмыту бар. Міне, бұл бұрыңғылар шапқан ережеге бағына бермейтін көкпар болса керек сіре.

Бір сәт «Бабалар көкпарды осылай шапқан-ау шамасы...» деп көуденде мақтанш сезімін жылт еткізер көрініс көз алдында көлбөнейді. Денеленген додалылар көкпарды іле жөңгеленген бағытына қарай он бес-жырма қадамдай жылжып барып, ол көкпарды түсіріп алды ма, тоқтай қалып, қайтадан жүздеген аттың тұяғы таптап тұрған жерден, көкпарды еңкейе алып шығуға ұмтылады. Осылайша Шеймерденнің шамалауында он минуттай уақыт өткенде додалылар солтүстік-шығысқа ығыса сырғи жөнеліп, доданың қаумалай қоршаған берік қамалы сөтінге ашылып, көкпарды тақымына басып үлгерген шабандоздың анық болмаса да, біршама сұлбесі байқалды. Ол қуалай жармасқандарды елестетіп, теугеріңді кейіп таныта алға тартып барады. Жармасып бара жатқандар жоғарыда айтқан оншақты шабандоз емес, көкпаршылар. Қыынның қыны көкпарды іліп, доданы жарып шығудың «бағасын» білетін мәрт шабандоз, «дайын асқа, тік қасық» болып, киліге кетуге арланады. Шалдар көкпарлы топтың арасындағы жағдайды бағамдауға көздері жетпей: – Көкпар кімнің тақымында? – деп бір-бірінен сұрап, дегбірсіздене орындарынан ұшып кетердей, елпендей бастады.

Дүрбілі шал: – Құралбайдың қаракеріне мінген Бақытта! – деп нық жауап қатты. Ұзынсонар көкпар соңынан қуалай шапқандарды бастап бара жатқан жиырма шақты көкпаршы, қаракердегі Бақыттың «Мәслихат» жотасындағы мөреге бет алысын қақпайлап, алыса-жұлыса тартысып, мейлінше, кедергі келтіруге тырысып барады. Жота беткейіне көтеріліп бара жатқан қаракерінің шабысын мөреден аулақтата, оңға бұруға қарсыластардың шамасы жетті. Біреу қаракердің алдына шығып кетіп, жүгенге жармасты ма, көкпарлы топ айнала шауып барып, кері қайтты.

Бұл көріністен Шеймерденнің есіне жазда жайлауда, малды ауылда болғанында, Айжарқын жөңгесінің ерте тұрып, ас пісіру үшін киіз үй алдындағы ошаққа қойдың қиын жағатыны түсті. Қидың қою көк бұйра түтінін таң самалы желіні жетелеп, үй іргесіндегі төбенің беткейіне қарай шұбатылған күннен де ала жөнеліп, беткейде біраз аялдап, о жақтан басқа лептің өсеріне ұшырай ма, көк бұйра қалпын бұзбай, созыла киіз үй артына қайта оралып, одан шығыс жақтағы жазыққа қарай мамыражай тіршілік белгісіндегі жалқаулана созылып кете баратын. Кері қайтқан көкпарға, сондарынан шұбатылғандар жетіп, жабыла жармасып, аз-кем қаракердің шабысы шоқтығуға өткендей болды.

– Ат шаршап қалған жоқ па? – деді шалдардың бірі тағатыздана.

– Жоқ, шаршамауы тиіс, – деп байсалды үн қатты Сұлтан.

– Бүлекі-үш шақырымға болдыратыннан емес, алысқа шабатын тұлпар ғой. Жеңістің онжылдығына орай Жызаққа өткен өзбек, қазақ, қырғыз, тәжік, түркімен жүйріктері қатысқан аламан бөйгеде екінің орын алған. Естерінде шығар, баяғыда, соғыстан бұрын «Мәжіһбектің қара төбелі» деген жүйрік болған Мына қаракері соның тұқымы.

– Көкпар кімде езі? – деп өлі шыдамсыз шал шырғаға үн қатты.

– Әлі Бақыттың тақымында, – деді дүрбілі қария.

– Тақымына бір басқасын Бақыт ешкіме бере қоймайды. Мықтылардың бәрі мына жақта, анау бас төрешінің, қариялардың теңіретінде тұр. Ол жақта Бақытқа басымдық көрсететін ешкім жоқ, – деп Сұлтан қарт сөзін түйіндегі сөйледі.

Осы кезде Бақыттың жақтастары қарсыласты жүгеннен айырып, қаракерге ешкімді жұптатпай иелік ете, қоршай жол ашып, ол «Мәслихат» жотасының сол жағын орай арқан бойы оза шауып бара жатты. Әне-міне дегенше мөреге де жетіп көкпарды дөп тастаса керек, артында ол жақтарды төреші жақтағы бас төрешіге белгі берді. Бақыт «іс бітті» дегендей, қос қолын көтере ойқастай шауып, жақтастарының жарыса қолпаштауында, тізгінді көз жіберіп, бері қарай ардындайты келеді. Сол күйінше бас төреші тұрған тұсқа келіп тоқтады. Бас төреші маңына жақынды жыйған топ «Үштөбеліктер» жағының салымын бірауыздан мақұлдаса керек, дау-дамайсыз тыныштық орнады. Осы кезде мөредегі көкпарды алдына еңгерген аттылы шапқылай келіп, онысын бас төрешінің алдына тастады.

Тағы дода. Бұл жолғысы алдыңғысындай көлке бармады. Денеленген топтың оңтүстік бүйірі созыла бүлтініп барып, қарыла ашылды. Оншақты көкпаршы қоршай шапқан шабандоз сұрылылып алға шығып, бірден «Үштөбе» мөресіне қарай тартып бара жатты.

– Еркебектің бұрылы, – деді дүрбілі.

– Үстіндегі кім? – деп сұрады шыдамсыз.

– Ілес шабандоз, – деді тағы да сол дүрбілі.

«Мәслихаттардың» додалан сәттілығы Ілес шабандоздың жиі қолданатын әдісі еді. Ілесдің әдісі көкпарды іле салыммен жоғары көтеріп, жақтастарының қоршауында, қарсыластардан ешкімнің көзі жетпейтін етіп, жермен сырғыта отырып, дода алаңы ашылғанда барып жоғары көтере тақыма басу болатын. Бұл жолы да сөйтті. Бұрып қуғыншылардан е дегеннен-ақ оқ бойы озып, мөреге ағып барады.

– Ендігісі белгілі. Бұрыл жүйрікті күш жететін арғымақты бұл көкпардағылардың ішінен көріп отырған жоқпын. Салым – «мәслихаттық», – деді Сұлтан қарт тағы да түйіндегі сөйледі.

Біледі. Білгесін түйіндеп айтады. Айтқаны келіп, есеп бірде-бір болды. Үшінші додала еттері қызып қалған көкпаршылар жылдам әрекетке көшіп, көп күттірмей, тақымында көкпар бұлғақтаған Шабанданың шабуындағы Рақым шабандоз, қаумалай жақындаған қарсыластардан қара үзіп көтуге тырысып, қия тартып, көкпардан айырылып қалмау әлегінде барады. Қарсыластар жүгенге жармасып, тағы бірі ат құйрығын тартқылай шұбардың шабу бағыты өзгертіп жіберіп, үш жүздей аттылы дүркірей шауып, «көрініс алаңына» қарай қиулай төніп келеді. «Жан алып, жан беріспейдей» кейіптегі қалың топтың қылышы жоқ демесе, соғыстағыдай өңдері суық. Қарсы қарап тұрғанның есін шығарып, жаңы тұршықтырардай-ақ жағдай...

Шалдар сыр бермегенімен, демін ішіне тарта тым-тырыс бола қалды. Балалар да үнсіз. «Көрініс алаңына» тап қалғанда Рақым көкпар сирағына жармасып келе жатқандан жантая тартып, көкпарды жұлып алғасың, шұбарды оңға қарай шалт бұра шапты. Жанай шапқан қырықшақты аттылы жүк көлігіне жетпей бұрылып үлгергенімен көкпаршылар жақта тұрған Рүстемнің «үш аяқтысы» ат тұяғының астында қалып, жаңына жантая құлап, люккесі аспанға қарап қалды. Шалдардың бірі мінгіп келген есек те сұлай құлаған жерінен тұрғаға әрекет жасап жатты. Бір тәуір, адамдар дің аман. Рақым сол шапқаннан «Үштөбе» мөресіне жақындай түсті. Қарсыластар қамауында алыс-жұлысқан арпалыста тағы бірер айналым жасап, ақырында ебін тауып, көкпарды мөреге салды. Бұған дейін тым-

тырыс қалған шалдар қозғалақтай бастады. Жастары қарайлас құрдастар бір-бірін қажай-қағытып: – Көзің де, өңің де бозарып кетіпті. Жаңа көкпаршылар осылай қарай анталап келе жатқанда жіберіп қойғаннан саумысың? – деп әзілдесіп, көңілденгені байқалды.

Құдірет ата жайсыздық сезінді ме: – Шеймерден, Рүстемді шақыршы, қайтайық, – деді.

Рүстем келгесін Шеймерденге: – Күн салқындап барады. Жеңіл киініпсің, Жолай үйіне апарамыз. Бізбен бірге жүре ғой, – деді.

Шалдармен қайырласып жатты: – Сүлтөке, Қалмаханға айта салыңыз, Шеймерденнің бізбен көткенің – деп өтініш білдірді. Шеймерденнің көудесіндегі көкпарға деген құмарлық «шырағы» сол жолы жанған еді. Кітап оқығанды дұрыс көретін ол ұзақ ғұмырында тарихи көркем шығармалар оқи қалғанында қазақ атты әскерінің шабуылдаған тұстарын бейнелеген жерлерінде, көз алдына «көрініс алаңына» қарай шапқылап келе жатқан үш жүз аттылы елестеп, автордың айтпақ ойын жеңіл ұға қоятын. Жазғы демалыста малды ауылға барғанында кеңшардың сиыр бағуға берген шобыр торы атынан түспеді. Ол мөстек қартайып қалған қанша төбініп, қамшы салсаңда шоқытудан арыға бармайтын жем жеу жағынан қорен, қарны қампайып кеткен жуан, жуас, жалқау ат еді. Соның үстінде күн сайын көкпар шабудың «имитациясын» жасап, жаттықты. Қалмаханның әскерден киіп келген сары фуфайкасын қазақ басына іліп қойып, торымен шоқтығы келіп іліп өтуге машықтанды. Жерде жатқанын ілуді он беске толған жылы жазда ғана қол жеткізді. Қазыққа арқан байлап, айнала шоқтығып жүріп, оны ерден ауа тартумен айналысты. Ал өміріндегі жалқы рет көкпар шабу орайы, мектеп бітіретін жылғы қысқы демалыста келді. Енді сол «жалқысын» нәмерлеріне өзі қалай өңгімелегеніне құлақ түрейік.

«Қалмахан ағам өкпенен «қара тыз етпесін» сұрап алып, мені мінгізіп, көкпарға ерте келді. Ат сыншысы жұп-жұмыр, бұлдырқайта шағын дөңелі, жылтыр қара сол атты аз қашыққа төзі жетіп, ұзақтауында болдырып қалуына орай «Қара тыз етпе» атаған екен. Ол кезде Қалмахан аталарың өңірге аты шыққан шабандоз. Содан «Жеті саладағы» қатысушылары екі жүзден аспайтын көкпардамыз. Алдын ала айтып қойған: – «...мен көкпарды алып шыққанда, маған жанай шал. Саған көкпарды асырып жібергесін оң тақымға бас та, қамшыны сал... Мөреге зымыра... «Тыз етпе» ешкімге жеткізе қоймас» – деп.

Дода болып жатыр. Мен айналып жүрмін. Бір сәтте ағам қамшысын құлағынан тістеп, көкпарды қос қолдай шалқақ, ерден ауа, шірне тартып, жата жабыса түскен оншақты көкпаршыны сүйрелеген бойы додалан сұрылып шыға берді. Төбініп қалып едім, «Тыз етпе» де қабаттаса ызығы жөнелді. Ағамның езі де, аты да мықты болатын. Көкпарға жабыла жабысқандарды елестетіп өтіп білінбей, екінің аты тартып барады. Ұзаққырай бере бойын тіктеп алдым, едім, жаным жылдам байлап алғасың, атыңды басын бір шақырымдай жердегі мөреге қарай бұра тізгінді өркіне жіберді де, әлі тартысып келе жатқан өңірдің белгілі шабандозынан аттың сол бүйірінен бар денесімен ауа тартып жұлып алғасың, қайта тікеліп, төккен сол тақымына қысты. Астындағы «көк биеден» туған көк денені, алдындағы төбешіктегі ақ байлаған мөреге бет түзеп, сыйтылып шығып, оқ бойы жалғыз келеді. Ағам сол жағында, сал артта шауып келе жатқан мені байқап, жақында дегендей келеді берді. Тақымындағы көкпарды босатып, қос қолдай тастай, жақындап үлгерген менің алдыма тастай салды да «тарт!» деп саңқ ете қалды.

Бәрі қас-қағым сәтте өтіп жатыр. Жерде қырбақ қар бар. Аспан ашық. Тал тұс. Жер тайғақ. «Тыз етпе» қамшы қалдырмай-ақ ағып келеді. Аяғы тайып кетіп, мұрттай ұштымыз да ғажал емес. Ат үстіндегі теле-тендікті сақтау бұрын көкпар шаппаған, тәжірбесі жоқ маған қиын тигендіктен, лыпыл келе жатқан аттан ауып кету қауіпін сезініп, көкпарды тақыма баса алмадым. Еңт қажай жалт қарап үлгеріп едім, жүз метрдей жерде бес-алты қуғыншы... Екі арада мені қорғаштап ағам келеді шапқылап. Көкпарды еңгерген күйімен мөреден өткізіріп барып, тастап кеттім. Төреші «Мөреге деп тастамады» деп қисайды. Даулы жағдайда төрешіге жәрдемшілік көрсететін сөздері өтімді үш қарияның бір Шеріпхан «Баланың бетін қайтарма» деп өріректен топ көкпаршының арасынан айқайлай ескертіп еді, төреші райынан қайтты.

Бұл менің соңғы рет атқа мінгім екен. Бес айдан кейін Алматыға оқуға кеттім де, өмір атқа емес, үстелге отырумен жалғасып кетті. Бәрі кеше ғана сияқты көрінігімен, одан бері де елу үш жыл зымырап, қас қағымда өте шығыпты... * * *

Ұлы сәскеде креслода теледидарға көз тастап отырған Шеймерденге тұстан кірген зайыбы Рапия апа: – Жеті нәмере жеті жүз мың тенгеге саған арғымақ сатып алыпты. Мерейлі жасқа келуіңмен құттықтап, соған қазір мінгізіміз деп есік алдына әке-шешелерімен қосыла келіп тұр. Бол балаларын күтіп қалды. Киініп шыға ғой, – деп асықтырды.

Шықты. Балалары мен келіндері, нәмерелері, бір-ен-саран есейіңкіреп қалған шөбөлерін шұылдай қоршап, өкесіне, ата-анасына деген ықыласын білдіріп жатыр. Жүгені күміспен күптелген ерттеулі ақбоз атты үлкен нәмересі Жанат жетелеп келіп, көлденеңнен тоқтақанды, тартпасының тартылуын тағы бір рет тексеріп, атасының қолына сегіз өрім қамшы ұстатып, шыбырға иелік еткен қалпында: – Ал ата, мінгізің, – деді.

Аяқты үзеңгіге салып, ердің басына жармасып көрді. Денесі ауырлап қалған сынайлы. Кетеріле алмады. Екі үйі екі жақтан қолтықтай демеп, ерң дегенде атқа қондырды. Тақымы қажетсіздіктен, тастай қатып қалу қызметінен әлдеқашан айырылғанын ұғынды. Жанат атты жетелей аула ішінде өрі-бері жүрді. Бөйбішесі бас болып, ұрпақтары қаздай тізіле қызықтай қарап тұр. «Ауып көнем бе» деп өзін сенімсіздеу сезініп, ер басын қос қолымен сығымдай ұстаған, қопал кейіптегі Шеймерденнің «Қайран жастық! Қайран жастық!» деп күбірлей күрсінгенін ешкім естимеді.

Айтбай ТӘСІЛОВ

Рейдтік шаралар жалғасады

Құқық-бұзушылықтың алдын алу, кәмелеттік жасқа толмаған жастардың түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілісіз көшеде немесе ойын орталықтарында жүруі бойынша тексеру, жасөспірімдер арасында келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында түнгі рейдтік жұмыстар жалғасуда. Бұл жұмыстарға аудан әкімдігі, полиция бөлімі, мектеп мұғалімдері және жастар ресурстық орталығы мамандары атсалысуда.



Рейд барысында аудан орталығындағы ойын-сауық орындары, кафе-ресторандар мен қоғамдық демалыс орындары қамтылып, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерісіз жүру фактілерінің алдын алу мақсатында тексеру жүргізілді.

Сонымен қатар нысан иелеріне заң талаптары түсіндіріліп, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында профилактикалық жұмыстар атқарылды.

Ата-аналарға және жасөспірімдерге құқықтық талаптар мен кәмелетке толмағандардың құқық-бұзушылықтың алдын аула шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары да назардан тыс қалмады. Аталған түсіндірме жұмыстары алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.

«ЖЖ» ақпарат

Сақтансаң, сақтайды

Газ құю бекеттерінде қауіпсіздікті сақтайық

Газ құю бекеттерінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау – адам өмірін қорғау мен төтенше жағдайлардың алдын алудың басты шарты. Міндетті түрде есте сақтайтын талаптарды сақтау қажет.

Тарқатып айтсақ, бекет аумағында ашық от жағуға, шылым шегуге және ұшқын шығаратын құралдарды қолдануға болмайды. Келікке газ құю кезінде қозғалтқышты өшіру қажет. Әрбір бекет өрт сөндіруші құралдармен, құм салынған жәшіктермен және алғашқы көмек құралдарымен жабдықталуы тиіс. Электр қондырғыларын, жарық беру жүйесін тек жарылыс қаупіне тейімді түрде қолдану қажет.

Газ құю аймағына беттен адамдардың кіруіне тыйым салынады. Қызметкерлер өрт немесе апат болған жағдайда әрекет ету тәртібін жақсы білуі керек.

Есіңізде болсын, газ – жоғары қауіпті зат. Қауіпсіздік талаптарын сақтау арқылы ғана апаттың алдын алуға болады.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Жаңа салық кодексында өзгерістер туралы

2026 жылы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Жаңа салық кодексінде көлік құралдарына, мүлікке және жерге салынатын салық салу тәртібіне бірқатар өзгерістер енгізілген.

Көлік құралдарына салынатын салық бойынша

Пайдалану мерзімі 10 жылдан асатын жеңіл автомобильдер бойынша көлік салығын есептеу тәртібі өзгертіліп, оларға түзету коэффициенті – 0,7, пайдалану мерзімі 20 жылдан асқандарға түзету коэффициенті – 0,5 қолданылады (төмендетілген коэффициенттер 2026 жылға есептелетін салықты 2027 жылы төлеу кезінде қолданылады). Мысалы, 2000 жылғы, яғни пайдалану мерзімі 20 жылдан асқан автокөліктің 2026 жыл үшін есептелген салығы 30 мың теңге болса, түзету коэффициенті 0,5 қолданылғанда 15 мың теңге болады.

Шаруа фермер қожалықтары бір пикап көлігі бойынша көлік салығын төлеуден босатылады. К

Тұрғындардың талап-тілегін тыңдады



Жалпы ауылдағы ағайынның ауызбіршілігі мығым. Қай істе де ауыл жастары, кәсіпкерлер ақылдаса отырып, жұмыла іс қылады. Биылдың өзінде демалушылар есебінен қыруар шаруа атқарылған. Шаруашылық құрылымдарының демалушылармен жалпы құны 9 млн теңгеге 8 көшеге, атап айтсақ, Бөлекбай би, К.Әбішев, Көкпая, Жаңажарма, Боранбай би, Сарман батыр, Т.Бисенбаев, Өмірбай шешен көшелеріне 136 жарық шамы орнатылды. «Көк-төбе» ШҚ жалпы құны 5 млн теңгеге Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ардагерлерге арналған ескерткіш салды. Елді мекендегі ерт сөндіру бекеті ғимараты да демалушылар есебінен салынып, қажетті техника және арнайы жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Ел қазынасынан жалпы құны 388,1 млн теңгеге Есет батыр елді мекенінің ауысу жүйесін жаңғырту және кеңейту жұмыстары жүргізілуде. Көкпая, Жаңақоныс, Ақжарма және Т.Бисенбаев көшелерін күрделі жөндеуге қатысты ЖСҚ әзірленіп, тиісті басқармаға бюджеттік өтінім жолданған.

Жалпы батыр атындағы ауылда 344 отбасында 2 мыңға жуық адам бар. Экономикалық белсенді халық саны – 1023, зейнеткерлер саны – 210. Елді мекенде «Қазпаша» бөлімшесі, ветеринария пункті, 5 сауда дүкені халыққа қызмет көрсетеді. Ауыл өкімшілігі, білім беру және медициналық мекемелер талшықты оптикалық интернет желісіне қосылған. Сонымен қатар КСЕЛЛ, Телә-2, Beeline, Altel ұялы байланыс станциялары қызметін тұрғындар еркін пайдаланады. Орталық ауысу жүйесі тұрақты жұмыс істейді.

Биыл елді мекен жұрты ауыл шаруашылығы саласын табысты қорытындылаған. Жергілікті шаруашылықтар 1692 гектар алқапқа Сыр салысын егіпті. Мұнан бөлек 667 гектар жаңа жонышқасы тағы бар. 720 гектар ескі жонышқа күтімге алынып, 60 гектар жаздық бидай, 18 гектар картоп, 85 гектар көкөніс, 75 гектар басқа да бақша дақылдары егіліп, егін толық жиналған.

Ауылдағы қарапайым отбасыларда 1 975 бас ірі қара, 762 жылқы, 1582 уақ мал бар. Ал шаруашылықтар мен кәсіпкерлерде 202 ірі қара, 300-ге жуық жылқы, 100-ден астам уақ мал тіркелген. Бүгінде төрт түлі сырғаланып, тиісті құжаттар беріліп, дерек қорына енгізілген.

Ауылда білім саласында да жағымды жаңалықтар жоқ емес. Бүгінде елді мекендегі №124 орта мектепте 349 бала білім алады. Ауылдағы алтын ұяда 60 педагог бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру жолында табысты еңбек етуде. Оның ішінде 13 педагог зерттеуші, 13 педагог сарапшы, 7 педагог, 19 модератор бар. Биыл білім ошағын 34 оқушы бітірді. Барлығы да ұлттық бірінші тестілеуге қатысып, басым бөлігі өліміздегі жоғары оқу орындарында білім алуда.

Шалғайдағы ауыл демесенің, жалпы Ала-мәскеке талай тілшілік тірлікпен ат ізін салғанбыз. Бұған дейінгі есепті кездесуде ауылдағы ағайын елді мекендегі апатты жағдайдағы емхана мәселесін назарға салатын. Бүгінде бұл мәселеге де нүкте қойылды. Қазіргі таңда ауылдағы 5 орындық күндізгі жаңа заманауи медициналық, санитарлық талаптарға сай стационарлық емхана жұмыс жасайды. Бөлімшеде мемлекеттік бағдарламаға сай тұрғындар тиісті дәрігерлік байқаудан өткізіп, анықталған ауруларға сауықтыру жұмыстары жүргізілуде.

Айта кетейік, қазіргі таңда ауылда 60 орындық «Гүлсөзім» балабақшасы бар. Десе де көшегі кездесуде алапесекті ағайын балабақша жанындағы балабақшаның көптігіне байланысты ауылда тағы бір балабақша ашуды сұрады. Елдің талап-тілегін назарға алған Ардақ Ибраимов тиісті сала басшыларына тапсырма беріп, ауылдан жеке балабақша ашамын дейтін кәсіпкер азаматтар болса, қолдау көрсетуге дайын екенін де жеткізді.

Туған жерін түлеткен

Келесі аялдамамыз – Еңбек ауылы. Мәдениет үйіне жиналған жергілікті тұрғындардың ахуалымен танысқан аудан басшысы атқарылған жұмыстарды саралады. «Үлгілі ауыл» атанған елді мекенде бірқатар абаттандыру және инфрақұрылымды жаңарту жұмысы жү-

зеге асырылған. Атап айтқанда, 4,3 млн теңгеге абаттандыру, көркейту-көгалдандыру және жасыл желектерді қоршау жұмыстары жасалды. 5 млн теңгеге мәдениет үйіне жөндеу жүргізіліп, 3,1 млн теңгеге бейнебақылау камералары орнатылды.

Былытр елді мекенде «Еңбек Жер» ЖШС демалушылармен ауыл инфрақұрылымын жақсарту бағытында бірқатар жұмыс атқарылған. Атап айтсақ, «Реміздер» аллеясы, балалар ойын алаңы, ауылға кіреберіс көшені жарықтандыру, Желтоқсан көшесіне тас төсеу жұмыстары жасалған. Сонымен қатар демалушылар есебінен ауылға кіреберіс арканы құрылысы аяқталды.

Мұнда «Өңірлерді дамыту – 2025» бағдарламасы аясында 209 мың теңгеге ауыл шаруашылығы саңағына байланысты елді мекендегі тұрғын үйлерге көше атауы нөмірлерімен QR кодпен әзірленіп ілінді. Елді мекендегі түнгі көше жарықтарына күтім жасау бойынша 210 мың теңгеге жанбай қалған бағаналардың жарығын ауыстыру сынды жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Мұнан бөлек 475 мың теңге қаржыға елді мекеннің кіреберіс аймағына жасыл желектерді қорғауға арналған металдан торлы қоршау орнатылған. Сонымен қатар ауылдағы 2 балалар ойын алаңын сырлау жұмыстары жүргізілген. Биыл жергілікті тұрғындар 1637 гектар жерге күріш, 535 гектар жаңа жонышқа егіп, 763 гектар ескі жонышқаны күтімге алған. Ауыл өкімі Бақытбергел Балхановтың айтуынша, аядай ғана ауылда кәсіпкерлік саласы қарқын алған. Жыл басынан бері 9 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның 3-еуі ірі қара басын көбейту бизнес жоспарымен қайтарымсыз грант алып, өз жұмысын бастаған.

Ауылда жастар арасында бүгінде жұмыссыздық мәселесі жоқ емес. Кездесуде ауыл тұрғынының бірі мамандығы бойынша жұмыс жасағысы келетінін айтты. Жергілікті тұрғынның сөзінше, мамандығы – мейірбиже. Бүгінде оқу бітіріп, үйде жұмыссыз отырғанына 5 жыл болған. Ол осы уақытқа дейін тұрақты жұмысқа түру үшін тиісті сала басшыларының бірнеше мәрте табалдырығын тоздырып, қанағаттарлықтай жауап ала алмаған. «Жастарды қашан да қолдауға дайынмын» деген аудан өкімі тұрғынның мәселесін ескеруісі қалдырмайтынын айттып, аудандық аурухана басшысына тиісті тапсырма берді. Кездесу соңында ауыл тұрғындары ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға беріп, аудан өкімінің алдағы жұмысына сөзсіз тілекті.

Жол сапасы жақсарған

Ауданда жарқын жобалар қолға алынып, қарқынды даму жолына түскен ауылдың бірі – Аққұм. Қажеттілігіне қарай ауылдағы өзекті мәселелер шешімін тауып, елді мекеннің өресінен тіктеуге бағытталған бастамалар жүзеге асқан, көшелер жөнделіп, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылуда. Аққұмға бүгінде дейін жасаған сапарымызда ауылдағы ағайынның талап-тілегіне жол сапасының сын көтермейтін арқау болатын. Ішкі көшелер сапасының төмендігін біз де жақсы білеміз, жергілікті билік бұл мәселеге бейжай қарамай, нүктесін қойды, яғни ой-шұқыры көп орталық көшелердің сапасы жақсарған. Ауылдың ішкі көшелерінің жалпы ұзындығы 14 шақырымды құраса, бытыр елді мекенде жалпы құны 457,1 млн теңгеге 10 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Демалушылар есебінен де ауылды абаттандыру, көркейту-көгалдандыру жұмыстары қарқын алған. Биыл «Жасталап» шаруа қожалығының төрағасы Кеңжехан Жадилотовтың демалушылармен Бейбітшілік көшесінің бойындағы 750 метр жер қоршалып, гүл және жеміс ағаштарын егу жұмыстары жүргізілген. Мұнан бөлек М.Нұрқожаев көшесі мен орталық алаңға «Бірлік-А» шаруа қожалығы 1,3 млн теңгеге жарықтандыру жұмыстарын жүргізген. 1968 жылғы ауыл азаматтары Кеңес өскерінің ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай Ауғанстан жерінде интернационалдық борышын адал өтеп келген ардагерлерге арнап аллея ашқан. Елді мекенді абаттандыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалармен де ілкімді

жобалар жүзеге асуда. Мәселен «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 2,2 млн теңгеге Қ.Бекенов көшесі жарықтандырылды. Сондай-ақ Бейбітшілік және Б.Ақдәулетов көшелеріндегі бейнебақылау камералары жөнделіп, ауылшұлық көшелердің жол белгілері жаңартылған. Жалпы ауылда айтарлықтай өзгеріс бар, мұның бәрі нәтижелі жұмыстың жемісі деп түйдік. Тұрғындар да бұл ойымызды құптап, ауыл өкімінің ер бастамасына қолдау көрсететінін жеткізді.

Негізі, елді мекен жұрты егін егу, мал өсіру, жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысып, күнделікті тұрмыс-тіршілігін мал шаруашылығымен байланыстырады. Былытр күзгі науқанның қорытындысымен ауыл еңбеккерлері егін шаруашылығын толайым табыспен қорытындылаған. Жалпы жер көлемі 15 500 гектарды құраса, оның ішінде 10008 гектары – ауыл шаруашылығы жерлері. Мұнан бөлек 8760 гектар жайылымдық, 2100 гектар шабындық, 4550 гектар егістік жер бар.

1800-ге жуық адам мекен ететін ауылда жұмыссыздық деңгейі 3 пайызды құрайды. Ауылда жүзге жуық шағын және орта кәсіпкерлік нысаны бар. Бүгінде оның барлығы 100 пайыз тұрақты жұмыс жасап тұр. Жергілікті халық кәсіп ашуда мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отыр. Ауылда ауысу жүйесі мен электр желілеріне 2021-2022 жылдары қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Жергілікті жұрт тәулік бойы сапалы ауысуға қол жеткізіп отыр.

Айта кетейік, мектеп бітіргендеріне 20 жыл болған түлектер 2,5 млн теңгеге Желтоқсан мен Жастар көшесі қиылысында балалар ойын алаңын салу жұмыстарын жүргізсе, сонымен бірге ауыл тұрғыны Айбек Сапаевтың демалушылармен 38 млн теңгеге тағы бір балалар ойын алаңының құрылысы жүргізілді. Сондай-ақ «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы арқылы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодөлізін Аққұм ауылы тұсындағы 1,6 шақырымдық бөлім жарықтандырылған. Жалпы ауылда бірлікпен атқарылған тындырымыз тірілік көп. Ауылды көркейту-көгалдандыру жұмыстары да тұрақты жүргізілуде. «Асыл дән» ЖШС демалушылармен Шіркейлі каналы үстіндегі көпірге 10,1 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жасалған. Бұл жұмыстар жалғасын тауып, алдағы уақытта да елді мекен өресі биіктей берді.

16 көше жарықтандырылды

Келелі кездесу Бұқарбай батыр ауылында жалғасты. Ауылдық мәдениет үйіне жылынған көпшілік жеке басты емес, жұртқа ортақ мәселені ортаға салды. Халықпен кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелерді шешуге тырысатынын айтқан аудан өкімі Бұқарбай батыр ауылында атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталды.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен аймақ басшысының бастамасымен аймақта ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Президенттің тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электр орталығы, мәдениет, спорт, білім беру нысандары салынды. Ауданда жол құрылысы, инфрақұрылым, электр желілері жаңғыртылуда. Аймақ басшысының қолдауымен жаңа «Руханият» орталығы пайдалануға берілді. Білім беру ұйымдары мен ауылдардағы медициналық ғимараттар жаңартылып, ауылдарды дамыту бағытындағы бірқатар жұмыс өздеріңіздің көз алдарыңызда жүзеге асып келеді. Бұқарбай батыр ауылында сапасы сын көтермейтін жол мәселесі оң шешімін тапты. Нақтырақ айтсақ, 11 ішкі көшенің құрылыс жұмыстары бытыр басталып, 2 көшеге, яғни Н.Оспанқұлов, П.Әлпейісов көшелеріне республикалық бюджеттен 50 млн теңге бөлініп, асфальт түсе жұмыстары жүргізілді. Биыл қалған 9 көшеге, тарқатып айтсақ, Ким Яков, Т.Үркімбаев, Ә.Бердаулетов, С.Айтуаров, Ә.Досымбетов, Қ.Сейітов, С.Байқадамов, Ж.Сақтағанова, Қойшығұл көшелеріне асфальт түсе жұмыстары толық жүзеге асырылды. – деді аудан өкімі.

Биыл елді мекенді көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарына 5 млн теңге, са-

нитарлық тазалықты қамтамасыз ету жұмыстарына 3 млн теңге жұмсалды. Сондай-ақ жалпы құны 170,2 млн теңгеге 16 көшеге, тарқатып айтсақ, Ә.Досымбетов, Қ.Сейітов, С.Байқадамов, Ә.Бердаулетов, Ж.Жабаев, Абай, Бұқарбай батыр, Қойшығұл, Ж.Сақтағанова, Н.Алмағанбетов, А.Ізтелеуова, Ж.Ермағанбетов, Ким Яков, Н.Оспанқұлов, П.Әлпейісов, Т.Үркімбаев көшелеріне түнгі жарықшам орнату жұмыстары жүргізілді.

Жалпы батыр атындағы ауылда 1900-ге жуық халық бар. Мұнда кәсіпкерлік саласында серпіл қалыптасқан, яғни ауылдағы ағайын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отыр. Соның бірі кондитерлік өнімдерді дайындап, той-томалақ, мерекелік көштерге торт пісірумен айналысады. Ал 2 адам сүт өнімдерін өндіріп қолдан алған. Бірі түйе бағып, шұбат сатса, екіншісі сиыр сауып, сүт, айран, құрт дайындайды. Тағы бір азамат шаштараз ашып, халыққа қызмет етуде, яғни мектеп жасындағы ер балалардан бастап ауыл үлкендеріне дейінгілердің шашын қиып, табыс тапқанынан ұлғайтқан. Кәсіпкерлер ауыл азаматтарымен ғана шектеліп, көшілес ауылдардағы ағайынға да тұрақты қызмет көрсетіп келеді.

Көшегі кездесуде Бұқарбай батыр ауылының тұрғындары айтарлықтай мәселе көтермеді. Олай болатындай жөні бар. Себебі бұл ауылда тұралаған мәселе жоқ деуге болады. Тек тұрғындар тарапынан «Біз қашан көгілдір отынның игілігін көреміз?» деген сауал туындады. Тұрғындардың талабын мұқият тыңдай келе аудан басшысы көгілдір отын тұтынатын құн алыс еместігін жеткізді.

Барлық мәселе өз ретімен шешіліп жатыр. Былытр кентке жақын орналасқан Ақсу мен Мөрәлі Шәменов ауылын көгілдір отынға қостық. Ендігі кезекте Қаракеткен мен сіздердің ауылдарыңызға көгілдір отын тарту жоспарда бар. Реттілік осылайша жалғасып келе жатыр. Сондықтан сіздер де көгілдір отын тұтынатын күнге жетіп, бір бейнеттен арылатын құн алыс емес, – деді Ардақ Ибраимов.

Таңда тындырымды тірілік бар

Ауыл тұрғындарының әлеуетін көтеру мақсатында мемлекет тарапынан қолдау тапқан ауқымды жобалардың жемісін Таң ауылынан күтуде болады. Бұл туралы аудан өкімі Ардақ Ибраимов елді мекенде өткен халықпен кездесуде айтты. Таң ауылдық округінде биыл облыстық бюджет есебінен құны 187 млн теңгеге 35/10 кВ «Таң» қосалқы станциясы қайта жаңғыртылып, трансформатор мен ажыратқыштар жаңартылды.

Таң ауылдық округі бойынша «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде жалпы құны 3,7 млн теңгеге елді мекенді көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, кіреберіс көшелеріне бейнебақылау камералары орнатылды. Жалпы құны 350,3 млн теңгеге ауылдық мәдениет үйінің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді.

Сонымен қатар биыл «Таң ЛТД» ЖШС демалушылармен құны 40 млн теңгеге Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтарға арналған ескерткіш қозғалды. Жалпы құны 19 млн теңгеге Жаңақоныс елді мекенін абаттандыру, Жаңақоныс көшесінің көс бетін қоршау жұмыстары жүргізілді. 2,5 млн теңгеге 4 көшеге, яғни Қарасу, С.Сейфуллин, А.Мықтыбаев, Ш.Уалиханов көшесін жарықтандыру бойынша ЖСҚ әзірленді. Мұнан бөлек 422 млн теңгеге «Таң ЛТД» ЖШС өндірістік цехының құрылысы қарқынды жүруде. Жұырда іске қосылып, 22 жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Өздеріңіз білетіндей, Таң ауылы соңғы жылдары өреше қарқынмен дамып келеді. Елді мекенде Еңбек Ері Имамзада Шағыртаевтың бастамасымен бірқатар жоба жүзеге асқан. Қазіргі таңда оның барлығы жергілікті халықтың игілігіне жарап тұр.

Бірлігі бекем ауыл

Ақсақалдардың батасын алған аудан өкімі Ардақ Әбдіғалпарұлы сөрсенбегі ауылдарға сапарын Ақсуда қорытындылады. Ақсулық ағайынның аман-саулығын сұраған аудан

басшысы өңірде атқарылған жобалар мен алдағы міндеттерді баяндады.

Ақсу ауылдық округі бойынша биыл 164,4 млн теңгеге «Ақсу-Беркімбаев көпеле» аралығындағы аудандық маңызы бар кіріс автомобиль жолына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ардақ Ибраимов халықтың «Суымыз бар, жарығымыз бар, көгілдір отынымыз бар. Енді ішкі көшелерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе» деген талап-тілегін назардан тыс қалдырмағанын айтты.

Бүгін таңсөзден бастап барлық бөлім басшылармен бірге ауданға қарасты елді мекендерді аралап, халықтың мұң-мұқтажын тыңдап келеміз. Жаңадария ауылынан басталған сапарымызды сіздердің ауылдарыңызда қорытындылап тұрмыз. Шыны керек, барлық ауылда бірқатар мәселе теріледі. Қолдан келгенше халықтың талап-тілегін орындауға дайынбыз. Өздеріңіз де білесіздер, барлығын бір мезетте орындау мүмкін емес. Сіздерге бүгін немесе ертең жасап беремін деп өтірік уәде беруден аулақпын. Алдағы уақытта барлығы кезең-кезеңімен шешімін табатын болады. Әсіресе ауылдың жол сапасына қатысты мәселесін қалғерге аламыз, елдің мәселесі ескеруісі қалмайды, – деді аудан өкімі.

Жынында ауыл тұрғындары әлеуметтік маңызы бар нысандар орналасқан орталық ішкі көше мен Ақбөгет көшесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді сұрады. «Жаңбыр жауса, есіктің алдынан шығу қиын, балаларымыз батпаққа батып қалады» деп шырылдаған тұрғындардың талап-тілегін аудан өкімі ескеруісі қалдырмайтынын жеткізді.

Елді мекендегі М.Әуезов, Т.Қожағұлов және Ақбөгет көшелерінің құрылыс жұмысы бойынша облыстық бюджет есебінен қаржыландыруға құжаттары ұсынылған. Сонымен қатар С.Дәулетбеков, Ақарық, Алғабас көшелерін жөндеуге және С.Дәулетбеков, Конституция, М.Найзабаев, Т.Боранбаев, Т.Елеусінов, Бостай би көшелерін жарықтандыру бойынша ЖСҚ әзірленіп, облыстық жолшұлаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім жолданғанын айтты.

Айта кетейік, ауылда демалушылар есебінен жалпы құны 12 млн теңгеге құрайтын 4 жоба жүзеге асырылды. Соның ішінде «Сәрке Батыр» ЖШС тарапынан балалар ойын алаңының құрылысы және тұрмысы төмен отбасының үйіне газ жүргізу жұмыстары, «АВ Агро Орда» ЖШС тарапынан «Беркімбаев көпеле» кесенесі аумағындағы сағананы газбен жылыту жүйесіне қосу жұмыстары жүргізілді. Мұнан бөлек «Сәрке батыр» ЖШС және «Мақсат» ФК демалушылармен екі көшеге жарық шамдар орнатылған.

Келелі кездесуде ауыл ақсақалдары елді мекенде жүзеге асып жатқан жарқын жобалар мемлекет қолдауының жемісі екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ауданда атқарылып жатқан нәтижелі жұмыстарға оң бағасын берді.

Сіз ауданымызға басшы болып келгеніңіз ауылдар да ғана емес, ауданда да бірқатар жұмба жүзеге асты. Мен ауданымыздың төл басшылығы «Жалағаш жаршысы» газетінің тұрақты оқырманымын. Газеттен сіздің ауыл тұрғындарының мәселесіне бейжай қарамай, назарыңызға алғаныңызды оқып, қуанып отырамын. Бірнеше ауылда жаңадан дәрігерлік амбулатория бой көтерсе, аудан орталығынан «Руханият» орталығы өз жұмысын бастады. Жолға қатысты да бір жұмыс жасалып, көс бірдей ауыл көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Соның бірі – өзіміз. Бұл өрине, сіздің ауылдарды бөліп-жармай, барлық ауылға бірдей көңіл бөліп, ондағы тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталған жұмысыңыздың жемісі деп білемін. Алдағы уақытта да ауданның өкешіңіз тынысын ашуда жүйелі жұмыс жасай беретініңізге сенемін және сол жолдағы жұмыстарыңызға сөзсіз тілектімін. – деді ауыл ақсақалы Марат Алдабергенов.

Шыны керек, ауданда да, ауылдарда да атқарылып жатқан жарқын жобалар жетерлік. Бастысы, халық бұл жобалардың игілігін көруде. Аудан өкімінің көшегі тұрғындармен кездесуде жергілікті тұрғындар аудан басшысының жұмысын ризашылығын білдіріп, батасын берді.

Сезім НҰР

БАСЫ 1-BETTE

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарлауға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №2087